

М.Әлімбаев
16 қаңтар 1985 ж.

ӘЛКЕЙ АҒАНЫ ЖОҚТАУ

Уа, жалған осылай зулап өткенің бе?
Қу ажал Әлекеме жеткенің бе?
Ғасырдың академик Әлекесі,
Секілді бар ғылымның дәл әкесі,
Қазақтың жалғыз соңғы жан көккесі.
Сен де енді қара жерге кеткенің бе?
Халқыңмен бірге жасар жазған хатың,
Ұрпаққа тастап кеткен аманатың.
Жан ата, ғылым ата, тарих ата!
Ешкімге болмаған еш қиянатың.

Қазақтың ардагері асыл затың,
Телегей-теңіз еді мағлұматың.
Алтынның қолда барда бабы болмай,
Ішінде кете барды-ау талай затың...

Кетті ғой бір халықтың шежіресі,
Жабылды ғылыми бір медіресі.
Жатқызып жер қойнына бір маңғазды,
Қан жылап, ет жүрегім, елжіреші!

Ғұлама торқа болсын топырағың,
Артында жайқалсын жас жапырағың!
Туыңды көтерсін бір жеткіншегің,
Аршитын ғасырлардың топырағын.